

# ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ОНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫ



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН И ЕГО ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ НАСЛЕДИЕ

ӨОЖ 378.147

### КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

*Абдимоминова Д. К. – педагогика ғылымдарының магистрі, өнер кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.*

Мақалада ұлы, көрнекті ағартушы, ақын Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналып, оның ағартушылық жолындағы мұралары мен идеялары жайында, соның ішінде еңбек тәрбиесі мен өміріне азық болатындай кәсіпкерлікке баулу жайлы өзекті мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар Кәсіптік оқыту мамандығында Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының көрініс табатындығы жайлы айтылған.

*Түйінді сөздер: еңбек тәрбиесі, кәсіп, кәсіптік оқыту.*

Қазіргі әлем өте тез өзгеруде. Технологиялар біздің өмірімізге мықтап еніп, жыл сайын технологиялар жаңа деңгейге көтерілуде. Адамдар әлеммен бірге өзгеруде. Қазіргі білім адамдармен бірге өзгеруі керек. Білім қазіргі кезде жаңа тәсілдермен, цифрлық ресурстармен, үлкен білім ағынымен қаныққан, және бұл жақсы, себебі білім заманға сай болуы керек.

Қазіргі кезеңде біздің қоғам жаңа формация мұғалімдеріне өте мұқтаж, бірақ мұғалім мұғалім ретінде мәңгі қалады және көптеген жылдар бұрынғыдай моральдық және құндылық бағдарлары болуы керек.

Біз сондай-ақ халқымыздың педагогикалық мұрасын, оның ішінде қазақ халқының ұлы ағартушысы және ұстазы Ы.Алтынсарин мұрасын ұмытпауымыз керек.

Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841 – 1889) – қазақтың көрнекті ағартушысы, жаңа мектептердің жаңашыл және ұйымдастырушысы, этнограф, фольклортанушы, ақын, прозашы, аудармашы [1, 5 б.].

И.Алтынсарин – үздік оқушы, мақсатты, үнемі білімге ұмтылатын, ізденімпаз, еңбекқор. Ол үшін өмірдің мәні мұғалімнің үнемі қамқорлығы, оған еңбек жағдайын жасау, педагогикалық кадрларды дайындау болды. Бұл оның асыл миссиясы – педагогикалық қызметі болды.

Ол өмір сүрген дәуір оңай емес, қиын болды, бірақ дәл сол кезде И.Алтынсарин жолындағы барлық қиындықтарды жеңді, өзін, кәсібін тапты, өзінің барлық мүмкіндіктерін жұмылдырды және ұлттық салада ерекше жоғары жетістіктерге жетті. мұғалім мен тәрбиеші, сонымен қатар замандастарын бағалауда халықаралық мойындауға ие болды.

Жеңіл жолдар мақсатқа жетуге әкелмейді. Барлығын еңбекпен алады, оны И.Алтынсариннің тәжірибесінен көріп отырмыз.

И.Алтынсарин – қайталанбас тұлға. Бұл жай мұғалім ғана емес, талантты, жан-жақты қызығушылықтары мен білімінің алуан түрлілігі бар, өз аймағының тарихын, этнографиясын, фольклорын, әдебиетін жетік меңгерген, төрт тілді меңгерген адам. Бұл оны замандастарынан ерекшелендірді, айналасындағылардың алдында оны жоғары көтерді және мұғалім ретінде байытты. Ол үлкен білімге ие бола отырып, өзінің педагогикалық қызметін әр түрлі қызметтермен сәтті ұштастырғаны кездейсоқтық емес. Ал бұған оған педагогикалық қызметтің тәжірибесі көмектесті.

Қазіргі кезеңде, мектепті жаңғырту, білім беру жүйесін жаңарту кезеңінде Ы.Алтынсарин бойында бар жақсы қасиеттерге ие жаңа формация мұғалімдеріне үлкен қажеттілік туады.

Ы.Алтынсариннің тәжірибесін зерттеу сөзсіз құндылық болып табылады, бұл бізге, оқытушыларға педагогикалық шеберлік сабағы ретінде және жаңашылдықтың ерекшелігі болып табылатын өз жұмысымызға шығармашылық көзқарас ретінде қызмет етеді.

Бізге, мұғалімдерге, ағартушының жастарға арналған поэтикалық жолдары, «Кел, балалар оқылық! ...» білімді меңгеруге шақыру ретінде өте маңызды. Бұл олардың өмір жолында көмектесетін білім. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиеге үлкен мән берді. Адамгершілік оның жеке басының өзегі болды. Оның моральдық кодексіне оқушы жастарды оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі тәжірибесі үшін үлгі болатын еңбекқорлық, адалдық, мейірімділік, тектілік ең жақсы адами қасиеттер кірді.

Ы.Алтынсарин еңбекті өндіріс пен өмірдің негізі деп санады. Ең маңызды рөлді ол еңбеке баулумен тәрбиесіне жүктеді және оны іс-әрекет арқылы жүзеге асырды. Бұл ұлдарға да, қыздарға да мамандандырылған мектептердің құрылуына байланысты болды, оларға өмірде де сұранысқа ие

мамандық берді.

Еңбек етуге деген қажеттілік табиғи қажеттілікке айналуы керек – мұндай ой оның тәжірибесінен туындайды.

И.Алтынсарин халықтың өмірін сүрді, қазақ халқының салт-дәстүрін жақсы білді, өлеңмен жырлады. Ол мәдени байланыстар мен халықтар арасындағы достықты нығайтуды жақтады. Ол қазір қазақстандықтарды біртұтас халыққа біріктірудің ұлттық идеясында көрініс табады. Дәстүрлер халықтық құндылықтар ретінде тәрбиенің маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Ыбырай Алтынсарин – өз өмірін туған халқын көркем білімді, заманауи, өркениетті және мәдени елдер қатарына қосуға арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің үлкен тәрбиелік, педагогикалық, ақындық және тарихи белсенділігімен, терең білімі мен жігерімен елдің өскелең ұрпағына білім мен тәрбие беруге үлес қосатын ұрпақ тәрбиеледі. Сонымен ұатар ол оқушыларға өз заманының озық ғылымдарын үйретуге, әр түрлі мамандықтарға оқытуға арналған жаңа типтегі мектеп ашты.

Ыбырай Алтынсарин көптеген кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, өз жолында үлкен жетістіктерге жетті. Оның өшпес ізі халқының мақтанышына айналды. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілін таза оқытуға назар аударды, халықтың ауыз әдебиетін бірінші тіл ашар ретінде пайдаланды және болашақ ұрпақты тәрбиелеу үшін тәрбиелік мәні бар әдеби шығармалар жазды.

Ыбырай енгізген білім беру саласындағы жаңалықтардың бірі – қазақ жастарды кәсіби даярлау мәселесі бойынша ғылыми бастамасын құру. Ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлді; қолөнер мен ауылшаруашылығы мектептерін ашуға көп күш салды. Торғай қаласында қолөнер училищесін ұйымдастырды. Өмірден өтер алдында ол бүкіл жерін Қостанайда ашылатын ауылшаруашылық училищесіне беру туралы өсиет қалдырған.

Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде осы игілікті іске белсене қатысып, адамдардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін кәсіби мамандар даярлау, халық тұтынатын тауарлар шығару мәселесін көтерді [2,6 б.].

Ол өзінің есептерінің бірінде Торғай облысында мектеп инспекторы болып жұмыс істегенде: «...Қыздар үйден қатынап оқиды. Оларға әйелдердің күнделікті өмірде тұрмысқа қажетті, мысалы, тігіншілік, орамал тоқу, киіз басу, шілтер тоқу және кілем тоқу сияқты мамандықтар үйретілетін болады» деп жазды. Ол өзінің құрмет тұтатын досы Н.И. Ильминскийге келесі жаңалықты қуана жеткізген еді: «... мектептің қолөнер бөлімін ашуға кірісіп жатырмыз, ал жуырда жеміс ағаштары және огород егуді де қолға алмақпыз...Оның үстіне Торғайда ерекше қолөнер мектебін ашпақшымыз, оны қадірлі ақсақалымыздың құрметіне «Яковлев мектебі» деп атамақшымыз» [1, 13 б.].

Торғайда тұңғыш ашылған осы қолөнер мектебінің жұмысын алға бастыру оңайға соқпады. Ең қажеттісі – арнайы оқулықтар, маман оқытушылар жоқтың қасы еді. Бар жауапкершілік инспектор Ыбырай Алтынсариннің мойнына түсті. Ол тағы да орыс достарының көмегіне жүгінеді. Ильминскийге хат жазып, «қайырымды жүрегіңізден қазақ халқын оқыту ісіне де кішкене орын беріңіз, ақыл – кеңесіңізді айтып отырыңыз, іскер оқытушылар жіберіңіз» деп өтінеді [1881 жылы 4 қыркүйектегі хатынан]. «... Сізге қолөнер, бау – бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралдары жоқ па?» деп сұрайды.

Мамандардың қат кезінің өзінде қолөнер мектебі үшін мықты кадрлар іздеген. Қазақ жерінде «Кадрлар бәрін шешеді» деген қағида Ыбырай Алтынсариннен бастау алады. Ыбырай Алтынсариннің мына бір хатынан үзінді келтірейік: «...ағаш – балта ұсталығы өнерінен сабақ беретін бір жақсы оқытушы табыла қалатын болса, оған пәтер беріп, оның үстіне 400 – 500 сом берудің де тәсілін табар едім, ал 450 сом жалақыны қалай да берер едім» [В.В. Катаринскийге, 1883 ж., 1 сәуір].

Қолөнер мектебі ашылғаннан кейін де тыным таппай, ондағы оқу-тәрбие жұмысын қадағалап, ақыл – кеңесін беріп отырған. Сол үшін де бірнеше мәрте іссапарға шыққанын мына бір сөздері айғақтайды: «Арғы күні тағы да Торғайға жүргелі отырмын. Онда жаңа ашылған қолөнер мектебінің жұмысы қалай жүріп жатқанын байқау үшін және оның шаруашылығын біржола жолға салу үшін Торғайда осы айдың аяғына дейін болмақпын».

Ыбырай Алтынсарин осылайша қабылданатын іс-шараларды жоспарлап, жүзеге асырды. Оқу инспекторы Ыбырай Алтынсарин қолөнер училищесінің түлектерін жеке сынақтан тексеріп, мамандықтары бойынша куәліктерін табыс еткен. «Торғай уезі Шұбалаң болысының №2 ауылдың тұрғындары Мығымбай Көркембаев пен Бижан Айдарбеков ағаш ұстасы мен токарь мамандықтарын алған алғашқылардың бірі болды. Олар Торғай даласының алғашқы қолөнер шеберлері еді.

Әрине, оқу орнын ашу үшін ақша мен құрылыс материалдары қажет. Ыбырай Алтынсарин осының жолын табуға тырысып отырған. Ол ауылдан қамқоршыларды тауып, солардан көмек сұрады. Оларға бөренелер мен кірпіштер түрінде материалдар беру арқылы демеушілік көрсетсе, кей кезде қаржылай көмек көрсетіп отырған. Сонымен қатар қазақ арасынан кедейлерді қоспағанда, жан басына бір сомнан ақша жинауды ұйымдастырып, мамандарды даярлау мәселесін шеше бастағанын көрсетеді: «...мен енді осы ақшаның бірқатарын Қостанайда бір жүні берік негізге қойылған техникалық және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға жұмсаған пайдалы болар еді деп ойлаймын».

Ыбырай Алтынсарин өңірдегі қазақтар үшін арнайы ауыл шаруашылығы мектебін ашу жобасын ұсынды, мысалы, Красноуфимская мектебі. Бұл ауылшаруашылық мектебі тәжірибеге негіздел-

ген: тері илеу, сабын жасау, сары май алу, қыш құмыра, ағаш ұстасы, темір ұстасы, бау –бақша салу, мал шаруашылығы мен егін егу жайлары үйретілді. осылармен қабат жаңа машиналармен, олардың құрылыстарымен таныстырылды, мал емдеу тәсілдері, астыққа зиянды жәндіктермен күресу әдіс-тәсілдері қолға алынды. Ол техникалық маңызды іс-шараларды іске асыру Сахарадағы қазақтарға оңтайлы әсерін тигізеді деп есептеді [1, 7 б.].

Ыбырай Алтынсариннің кәсіби білім беруді дамытудағы қызметі көп қырлы және жан -жақты екенін көреміз. Оқу ісі жөніндегі инспектор Ыбырай Алтынсарин де болашақ мамандар мәселесінің шешімін табуға бар ынта жігерін салып кіріскенін байқаймыз.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен түсінетініміз: Ыбырай Алтынсарин – қазақ жеріндегі кәсіптік білім беру ісінің негізін қалаған аса ардақты тұлға, табанды қайраткер.

Ыбырай бабамыз негізін қалаған кәсіптік білімнің бүгінде кеңге қанат жайғаны белгілі. Ұлы педагогтың кәсіптік білім беру ісіндегі тағылымды қарекеті қазіргі таңда жаңаша мазмұн – сипатқа ие болып, заман талаптарына сай жалғасын табууда. Құдды бір Ыбырай дәуірі жаңғырып қайта оралғандай, қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай, түрлі салада қызмет көрсете алатын мамандық иелеріне сұраныс артуда. Осыған орай Ыбрай Алтынсарин негізін қалаған кәсіптік білім берудің қазіргі кездегі негізгі мақсаты-еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысында жақсы білімді, бағдарланған, әлемдік стандарттар деңгейінде өнімді жұмыс, кәсіби өсу, тез қоғамдық-саяси өзгерістерге тез бейімделе алу, шығармашылық, оңтайлы кәсіпқой, қабілетті, қоғамның қалауы мен талаптарына сәйкес өз ойын еркін жеткізе алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты еркінмеңгерген, отандық және әлемдік мәдениетте бойына қалыптастырған оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім мен тәрбиенің барабар жақсаруы көп жағдайда студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспауы, ақылды болуы, шешімдерді тез қабылдауы, арнайы ұйымдастырушылық қабілеті, нақты бағыты-бағдаршы болуы керек деген заман талабы.

Қай заманда болсын өзінің атқаратын қызметіне қарай, жеке қасиеттерінің көптүрлілігіне орай, өзіне міндеттелген талаптарға сай, оқытушы мамандығы басқа мамандықтарға қарағанда ең қиын және ең ізгілікті мамандық болып саналады. Себебі, оқытушының негізгі міндеті жер жүзіндегі ең құнды дүние- адамды кемелдендіру болып табылады.

Ыбырай бабамыз іздеген жақсы оқытушылар бүгін де қажет. Соңғы жылдары елімізде құрылысшы, дәнекерлеуші, электрмен жабдықтаушы, токарь, тас қалаушы, техникалық, медициналық, ақпараттық құрал – жабдықтардың шебері, тігінші, аспазшы және тағы басқа жұмысшы мамандарға сұраныс артып отыр.

Осыны ескере отырып, қазіргі оқу орындары бұрынғы мамандықтармен қатар, болашақ тігінші, аспазшы, тас қалаушылар, құрылысшы даярлау ісін қолға алған.

Ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған кәсіптік білім беру ісі бүгінде лайықты жалғасын тауып, жандана түсуде.

М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин» атты еңбегінде «Ыбырай бірінші ұлтшыл әлеумет қызметкері», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген баға береді [3, 37 б.].

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстаны қарқынды дамуы кәсіптік білім беру ісінің сапалы деңгейіне тәуелді екені ақиқат. Сондықтан осы сала қызметкерлері Катаринскийдің А.В. Васильевке «Ыбырайша ойла, жұмыс істе, оның оқу – ағарту саласындағы идеяларын жалғастыра бер» – деп айтқан сөздерін ескеріп жүрсек, ұтылмасы хақ деп ойлаймын.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметін, оның педагогикаға, халық ағартуға арналған еңбектерін зерттей отырып, біз қазіргі білім беруде әр түрлі өзгерістер, білім беру жүйесі жаңартылуда, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары бұрынғыдан да өзекті болып табылады, оның еңбектері мұғалімдерге бағыт беруші болып табылады, ал Ыбырай Алтынсариннің жеке басы – қазіргі мұғалімдерге үлгі болуға Абай атамыз айтқандай: «Болмасанда ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» – деп, ұмтылуды қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Ахметов Т.Ә., Оспанов С.О.** Ыбырай Алтынсарин мұрасы: библиографиялық көрсеткіш/ [Мәтін]: құрастырушылар:Т.Ә.Ахметов, С.О.Оспанов. – Қостанай: ҚМПИ, – 2016. – 237 б.
2. **Сыдықов Ә.** Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі [Мәтін]: Ә.Сыдықов. – Алматы, – 1969. – 64б.
3. **Джумагулов, К.Т.** Ыбрай Алтынсарин және қазақ халқы мәдениетінің дамуы [Мәтін]/ К.Т. Джумагулов. – Алматы. – 1984. – 204 б.